



Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары антының мәтінін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 23 сәуірдегі N 1559 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 19 желтоқсандағы № 61 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Президентінің 19.12.2022 № 61 Жарлығымен.

"Президент пен Үкімет
актілері жинағында"
жариялануға тиіс

"Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары антының мәтіні бекітілсін.

2. Осы Жарлық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2005 жылғы 23 сәуірдегі
N 1559 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары
қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының
АНТЫ**

Мен, Қазақстан Республикасының азаматы _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

ішкі істер органдарына қызметке қабылдана отырып:

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң

сақтауға, бастықтардың, командирлердің бұйрықтары мен нұсқауларын

және өзіме жүктелген қызметтік міндеттерді адал атқаруға;
Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтарын
және бостандықтарын шектеуге жол бермеуге, оларды құқыққа қарсы
әрекеттерден қорғауға;
Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында
белгіленген қоғамдық тәртіпті өз өмірімді аямастан қорғауға;
қызметке байланысты қиындықтарға шыдамдылықпен төзе білуге,
адал, батыл, қырағы қызметкер болуға;
мемлекеттік және қызметтік құпияны сақтауға салтанатты түрде
ант етемін.

Егер де мен осы антты бұзсам, Қазақстан Республикасының заңдарында
белгіленген жауапкершілікті көтеруге әзірмін.

200__ жылғы " ____ " _____

(қолы)